

Бекітемін:  
Мектеп директоры



Б.Ж.Жумагулова

## **«Шұғыла» театрының жылдық жұмыс жоспары**

Үйірме жетекшісі: А.А.Қасымова

2023 – 2024 оқу жылы

### Түсінік хат

Бұл бағдарламада оқушылардың «танымдық қабілеті», сөйлеу мәнері, мәнерлеп оқуы, шығармашылық ізденісі, сахна мәдениеті және шеберлігі, көрермендерді баулуды меңгеру ерекшелігі басты назарға алу болып табылады.

Оқушы – жеке тұлға. Жеке тұлғаның көрініс – қойылымдарды сахналау кезінде оқушы қабілетін ашуға «Шұғыла» театр үйірмесінің берері мол.

«Шұғыла» театр үйірмесі оқушылары үшін қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің ғылыми негізінен мағлұматтар ала отырып, олардың алған білімдері мен дағдыларын сахна мәдениеті арқылы байыту. Оқушылардың мәнерлеп оқуымен қатар, рөлдерді сомдау барысында сөйлеу шеберлігіне мән бере отырып, шығармашылық пен ізденімпаздыққа деген қызығушылығын ояту.

Оқушыларға театр мен сахна өмірін таныстырумен қатар драмалық, трагедиялық және комедиялық жанрлардың терминдерін, әдеби терминдермен толықтыру және оны қойылымдар мен интермедиялар кезінде сөз қорын кеңінен пайдаланып, сахна тілін құрметтеуге үйрету. Сахнада өз-өзін ұстауы, мәнерлеп сөйлеуі, реквизиттерді пайдалана білуді (сахналық құралдар) үйрету.

Үйірменің мақсат-міндеттері:

Оқушыларды дұрыс сөйлеуге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, өз-өзін көпшілік алдында еркін ұстай алу шеберлігін қалыптастыру.

Мәнерлеп оқуын, сөйлеу мәдениетін, рольдерді сомдау, шеберлігін дамыту.

Сахна мәдениетімен таныстыра отырып, тілді құрметтеуге, оның қыр-сырын, тарихын жетік білетін, қарым-қатынастық біліктілігін арттыру.

Жеке тұлға ретінде қалыптастыруына мүмкіндік жасау.

- Оқушылардың бойына лирикалық өлеңдерді оқу шеберлігін қалыптастыру;
- Сахналық қойылымдар арқылы тіл мәдениетіне көңіл аудару;
- Драмалық терминдерді ажырата білуіне назар аудару;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Сахналық қойылымдарды орындау барысында оқушы бойындағы актерлік шеберлігін дамыту.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Біледі:**

Театр деген не?

Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді?

Театр неден пайда болады?

Театрдың қандай түрлері бар? «Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық, комедиялар, халықтық»

Театр қойылымдарын «спектакльдерді» кімдер жасайды?

**Түсінігі болады:**

Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде

Сахнаның безендірілуі жөнінде

Сахна мен көрермен залында өзін-өзі ұстау ережелері туралы

**Үйренеді:**

Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді

Бейнелі ойлауды

Назарын аудара білуді

Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Кейіпкермен сөйлесу

Қарапайым актер шеберлігі

Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау

Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету

Ұжыммен жұмысы

Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі  
2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Шұғыла» балалар театры үйірмесінің жұмысын жандандыру	Жыл басы	Үйірме қатысушыларымен жиын	Үйірме жетекшісі
2	Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру, қатысушылар тізімін таныстыру	Қыркүйек	Отырыс	Үйірме жетекшісі
3	Театр жайлы түсінік, оның негізгі мамандары – актер, режиссер, сценарист, гример – оқушыларға таныстыру (презентация)	Қазан	Танымдық сабақ	Үйірме жетекшісі
4	«Сахнадан сәлем» мектепшілік байқау	Қараша	Қойылым	Үйірме жетекшісі
5	«Ертегілер еліне саяхат»	Желтоқсан	Қойылым	Үйірме жетекшісі
6	Қойылымды таныстыру. Рольдерге бөлу	Қаңтар	Жиын	Үйірме жетекшісі
7	Дауыс ырғағымен жұмыс	Ақпан	Танымдық сабақ	Үйірме жетекшісі
8	«Сахнадан сәлем – 3» байқауына дайындық	Наурыз	Дайындықтар, қойылымдар	Үйірме жетекшісі
9	Байқауға қатысу	Сәуір	Қойылым. Байқау	Үйірме жетекшісі
10	Жыл қорытындысын саралау	Мамыр	Отырыс	Үйірме жетекшісі

Үйірме жетекшісі:  Қасымова А.А.

**2023 – 2024 оқу жылындағы Б.Сейсекенов атындағы ЖОББМ  
«Шұғыла» балалар театр үйірмесінің жылдық есебі**

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында мектеп жанынан құрылған «Шұғыла» балалар театр үйірмесі өз жұмысын жылдық жоспарға сай жүргізді. Үйірме жетекшісі: Коптлеуова Т  
Үйірме құрамына бастауыш сынып пен орта буын оқушылары арасынан 16 оқушы қамтылды. Үйірменің алғашқы отырысында жылдық жоспар таныстырылды.

Б.Сейсекенов атындағы ЖОББ мектебінде желтоқсанның 23 – ші жұлдызында «Шұғыла» театрының жоспарына сәйкес «Сахнадан сәлем» атты мекешілік байқау өткізілді.

**Байқаудың мақсаты:** Балалардың көркем – өнер шеберліктерін жан – жақты дамыту, әртістік қабілетін қалыптастыру.


Байқау нәтижесінде, Дулат Исабековтің «Гауһартас» фильмін сахналап 10 сынып оқушылары жүлделі 1 орынға ие болды. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» фильмінен үзіндісін сахналап, жүлделі 2 орынды 7 сынып оқушылары иеленді. Жүлделі 3 орынды «Желтоқсан желі» көрінісін сахналап, 9 сынып оқушылары иеленді. 6 сынып оқушылары ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың өмірінен үзінді және 8 сынып оқушылары Ұлықбек Есдәулетовтың «Қара пима» поэмасын сахналап, Алғыс хатқа ие болды. «Сахнадан сәлем – 3» аудандық театрлар фестиваль байқауына жолдама Дулат Исабековтің «Гауһартас» фильмі, 10 сынып оқушыларына болды.

Аудандық "Замандас" халықтық театрының ұйымдастыруымен сәуір айының 12 – 13 -ші жұлдызы аралығында "Сахнадан сәлем – 3" аудандық театрлар арасында фестиваль – байқауы өтті. Фестивальге Б.Сейсекенов атындағы ЖОББ мектебі жанынан құрылған "Шұғыла" театры "Гауһартас" қойылымын сомдау арқылы өз өнерлерін ортаға салды. Біздің театр ұжымы 24 аудандық театрлар арасындағы тартысты додаға қатысты. Театр актрисасы Кеңес Асылайым өз өнерін көрсетіп, "Жаңа есім" номинациясын, кубогы мен 15 мың теңгелік сертификатты жеңіп алды. Аудан әкімінің "Алғыс хатымен" марапатталды. Театр актерлары: Еркебұланұлы Ерболсын, Игібай Рамазан, Бақытжанова Альбина, Бижанова Мадина, Кеңес Асылайым, Шүйіншібай Айкөркем, Қарабек Жанар және Қуанышбай Нұртас.  
Театры жетекшісі: Қасымова А.А

**«Сахнадан сәлем – 3»  
аудандық театрлар фестиваль-байқауына дайындық кезеңінде...**



«Сахнадан сәлем – 3»  
«Гауһартас» фильмінен үзінді



**«Сахнадан сәлем – 3»  
аудандық театрлар фестиваль-байқауы  
"Жеңіске бір қадам"**

